

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым

11-сынып

1-тапсырма. 1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Бұйра қыз

Баяғыда түлкі мен аю болыпты. Олар күнде балық аулапты. Бір күні оларға бір қыз келді.

– Сәлеметсіздер ме! Не істеп жатырсыздар?

– Кет, қыз, сенің шашың ода-дода, балықты қорқытасың, – деді түлкі.

– Жоқ, бұл қыз ода-дода емес, ол бұйра, – деді аю.

Бір уақытта жел тұрды, қар жауды. Қыз тонды. Аю өз тонын қызға берді. Қыз үйіне келді.

– Сен тонды қайдан алдың? – деді шешесі.

Аю берді.

– Аю жақсы екен, оны қонаққа шақыр, – деді шешесі.

Аю қызға қонаққа келді. Аю мен қыз шай ішті, балық жеді. Сосын қыз аюға үлкен балықтарды берді.

– Балықтарды балаларыңызға апарыңыз, – деді қыз.

– Рахмет! – деді аю.

Жолда аюдың алдынан түлкі шықты.

– Аю, сен балықтарды қайдан алдың?

– Бұйра қыз берді, – деді аю.

Түлкі қызға келді.

– Бұйра қыз, маған балық берші. Менің де балық жегім келеді, – деді түлкі.

Қыз үндемеді, есікті ашпады.

"Аю өте қу. Бұйра қызды мақтап, балық алды", – деп ойлады түлкі.

Ал аю қу емес, ол мейірімді еді.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

1. Түлкі қандай қателік жасады?

- а) бұйра қызды мақтады
- ә) бұйра қыздан балық сұрады
- б) бұйра қызды жамандады
- в) бұйра қызбен шай ішті

2. Мәтінде қандай антонимдер бар?

- а) шақыр, апар
- ә) шай ішті, жеді
- б) жел тұрды, қар жауды
- в) берді, алды

3. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- а) Нағыз дос дұшпан болмас.
- ә) Өмірдің өзі — ұлы ұстаз.
- б) Жақсылық жасасаң, ол саған қайтады.
- в) Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.

4. Түлкінің жаман ойы неде?

- а) «Аю жақсы екен, оны қонаққа шақыр!»

- ә) «Кет, қыз, сенің шашың ода-дода!»
- б) "Аю өте қу. Бұйра қызды мақтап, балық алды",
- в) «Аю, сен балықтарды қайдан алдың?»

5. Аюдың басқалар туралы жақсы ойлатыны қай сөзінен көрінеді?

- а) «Бұйра қыз берді».
- ә) «Кет, қыз, сенің шашың ода-дода, балықты қорқытасың».
- б) «Бұйра қыз, маған балық берші. Менің де балық жегім келеді»
- в) «Жоқ, бұл қыз ода-дода емес, ол бұйра»

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

	Г
6	
7	
8	
9	
10	

Байлық пен ақыл

А. Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері етіп кіші ұлын белгілепті. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.

Ә. Сонда үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:
- Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, - депті.

Б. Үшінші ұлы күміспен және тастармен әшекейленген белдігін буынады да: Мұндай белдікті ешкім ешқашан буынып көрген жоқ, - дейді.

В. Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды да, кіші ұлына: Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? - дейді. Сонда кенжесі:
- Менің асыл тасты жүзігім де, сәнді киімім де, қымбат тастармен әшекейленген белдігім де жоқ. Тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат жігерге толы жүрегім ғана бар, - депті.

Г. Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып: Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Әрқайсың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіндер, - депті.

Ғ. Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де: Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, - дейді.

Тест тапсырмалары:

11. Шал балаларын не үшін жинаған?

- А) ақыл айту үшін
- В) мұрагерін таңдау үшін
- С) қонақ шақыру үшін
- Д) өкпесін айту үшін

12. «Өсиет» сөзінің синонимі

- А) сыйлық
- В) аманат
- С) байлық
- Д) өкініш

13. Үлкен үш ұлдың айтайын деген негізгі ойы не?

- А) Денің сау болса, бай боласың.
- В) Екі қолың мен басың негізгі байлығың.
- С) Кім бай болса, сол ақылды.

D) Адал болсаң, бай боласың.

14. Бұл аңыз не туралы?

- A) достық
- B) еңбекқорлық
- C) елжандылық
- D) балалық

15. Мәтінге сәйкес даналық сөзді белгілеңіз.

- A) «Өлмейтін өмір кілті – өнерде» (Қорқыт ата)
- B) «Адалдық артық, арамдық жаман» (Ш.Құдайбердиев)
- C) «Өз елін сүймеген адам ештеңені де сүйе алмайды» (Б.Байрон)
- D) «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Абай)

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мына кестедегі сөздермен толықтырыңыз.

Қонақты (а), сәлем беріп (ә), ыстық (б), жауапты (в), бата (ғ)

Келген қонақтарды үйдің жастары мен балалары (16)... қарсы алады. Сол үйдің келіндері мен балалары қонаққа көрпе жаяды. Әдетте (17)... төрге отырғызады. Аман-саулық сұрағаннан кейін дастарқан жайылады, дастарқанға (18)... тамақ, шай әкелінеді.

Дастарқанға түрлі салаттар, сусындар қойылады. Ыстық тамақтан кейін шай дайын болғанша, үй иесі қонақтармен әңгіме айтады, ән айтылады. Үлкендер жастарға (19)... береді. Қонақ күту – өте (20)... іс, себебі «қонақ аз отырады, бірақ көп сынайды» дейді халық.

Қазақтар – өте қонақжай халық. Қазақ үйге келген адамды ешқашан кумайды, өйткені қазақтарда «құдайы қонақ» деген сөз бар, яғни қонақ құдайдан келеді, оны қусаң, осы үйден құт, бақыт қашып кетеді, береке болмайды.